

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 92 – 94

UDC 340.141.(574)

THE ACTIVITIES OF GHANI MURATBAEV AS A PROMINENT STATESMAN AND PUBLIC FIGURE

U.A. Ahatov, E.Ongdashuly

Al-Farabi Kazakh National University
050040, Republic of Kazakhstan, Almaty, al-Farabi's ave., 71

Keywords: society, personality, state, education.

Abstract. The authors of this article consider the activities of such prominent statesman and public figure as Ghani Muratbaev, one of the first organizers of the youth organization - the Young Communist League in Turkestan and the return of Kazakh lands. In such difficult and in piece times in the Kazakh lands many of the leaders of people were born. And one of them was the great son of people, talented personality - Ghani Muratbaev. Despite his young age he was able to lead the nation, and though he died at age 23, he left an indelible mark. Ghani Muratbaev dedicated his youth years to public and community activities.

ӘОЖ 340.141.(574)

ҒАНИ МҰРАТБАЕВТЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ РЕТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

У.А.Ахатов, Е.Оңдашұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
050040, Қазақстан Республикасы, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71

Түйін сөздер: қоғам, тұлға, мемлекет, қызмет, білім.

Аннотация. Авторлар бұл мақалада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Түркістан өлкесінде алғашқы жастар ұйымы – комсомолды ұйымдастыруға, кейіннен Қазақ жерлерінің қайта қосылуына үлес қосқан халқының ұлы перзенті Ғани Мұратбаевтың мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі қызметін зерделеген. Қазақ даласы осындай қысылтаяң және бетбұрысты кезеңде өмірге халқын бастайтын талай азаматтарды дүниеге алып келді. Сондай азаматтардың бірі – халқының ұлы перзенті, дарынды тұлға, жаста болса бас бола білген – әрине Ғани Мұратбаев. Тағдырдың бергені, бар жоғы 23 жасында дүниеден өткен Ғ. Мұратбаев артында өшпес із қалдырды. Жастығына қарамастан, өзінің балғын дәуірін мемлекеттік іске, қоғамдық қызметке арнайды.

XX – ғасырдың бас кезі Орталық Азия, оның ішінде Қазақстан үшін сындарлы кезеңге айналды. Ресейдің Империялық саясатының кесірінен қазақ жерлері түрлі әкімшілік реформалардың нәтижесінде бірнеше аймаққа бөлініп кетті. Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет нормалары мен ел басқару жүйесі күрделі өзгерістерге ұшырап, оның салдары өз кезегінде әрине халықтың азып-тозуына алып келді.

Оның үстіне XX – ғасырдың бас кезінде елде орын алған толқулар ел интеллигенциясының халық үшін естіруге итермеледі. Және бір жағынан елде қалыптасқан жағдай тұсында қазақ халқының болашағын айқындауға мүмкіндіктер пайда болды.

Қазақ даласы осындай қысылтаяң және бетбұрысты кезеңде өмірге халқын бастайтын талай азаматтарды дүниеге алып келді. Сондай азаматтардың бірі – халқының ұлы перзенті, дарынды тұлға, жаста болса бас бола білген – әрине Ғани Мұратбаев. Тағдырдың бергені, бар жоғы 23 жасында дүниеден өткен Ғ. Мұратбаев артында өшпес із қалдырды. Жастығына қарамастан, өзінің балғын дәуірін мемлекеттік іске, қоғамдық қызметке арнайды.

Ғ. Мұратбаев 1902 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы Үшкөпір ауылында дүниеге келеді. Жастайынан қиыншылықты көп көрген, 4 жасында әкесінен, ал 14 жасында анасы мен жалғыз

карындасынан айырылган Ғани, өмірдің қатал заңына сабырлықпен қарап, Түркістан өлкесіндегі алғашқы жастар ұйымы – комсомолды ұйымдастыруды қолға алады.

Ғ. Мұратбаевтың елдің қоғамдық өміріне ерте араласуының көптеген себептері бар. 1911 жылы Ғани Мұратбаевтың анасы орыстың бастауыш мектебіне береді. Ол онда орыс тілін тез арада меңгеріп, орыс әдебиетінің классиктерін жатқа білетін болды. Ғ. Мұратбаевтың білім алған мектебі, оның болашақтағы бағытын анықтап береді.

1916 жыл Ғани Мұратбаевтың жеке және қоғамдық өміріндегі ауыр және бетбұрысты кезеңге айналады. «Год 1916-й врезался в память Гани Муратбаева страшной метой. Правительство объявило среди населения мобилизацию на фронт, и в ответ на это вся степь восстала. Казахи не хотели участвовать в империалистической войне. Гани видел своими глазами, как пылали аулы, как длинные вереницы беженцев потянулись на юг, в Бухару... Четырнадцать лет он остался круглым сиротой и теперь мог рассчитывать лишь на самого себя... События, последовавшие после Февральской революции, разделили Казалинск на два враждующих лагеря. Гани был в рядах тех, кто разносил по домам большевистские листовки, кто разъяснял людям смысл происходящих перемен» [1, 101-102 бб.].

Ғани Мұратбаев осындай соққыдан кейін, өзінің бар күшжігерін салып, сол кездегі Түркістан өлкесінің, кейін Кеңестік Түркістанның орталығы Ташкент қаласында өзінің білімін жалғастыруға мүмкіндік алады.

1917 жылы ел тарихында орын алған қос революциялық дүмпулер Ғ. Мұратбаевтың ойына көптеген мәселелерді салады. Екі үкіметтің де бағдарламалары мен алдына қойған мақсаттарын таразылай келе, Мұратбаев көп қиыншылық көрген қарапайым халықтың партиясына айналуы мүмкін деген үмітпен Кеңестік жүйені қолдап, сол үкіметтің орнауы мен ары қарай дамуына өзінің үлесін қосады.

Кеңес үкіметінің орнауы, өлкеде жастардың белсенділігіне жол ашып, түрлі бағыттағы жастар ұйымдарының пайда болуы мен қызмет етуіне алып келеді. Түркістанда алғашқы жастар ұйымы 1918 жылдың өзінде пайда бола бастайды. Ғани Мұратбаев жастар ұйымдарының арасында жастардың коммунистік одағына мүше болады. Менің ойымша, Ғани Мұратбаев осы жастар ұйымынан бүкіл Түркістандық жастардың барлығын бір қанаттың астына жинауға және ертеден қордаланған жастардың келелі мәселелерін шешуге мүмкіндік береді деп ойлаған.

Дегенмен де, Түркістан өлкесінде комсомолдың толық жеңіске жетуі ерте болатын. «Зарождение комсомола в Туркестане происходило в условиях, характеризующихся особыми трудностями. Своеобразие и особые трудности этих условий объяснились тем, что Туркестан до революции был отсталой колониальной окраиной малочисленным пролетариатом и господством докапиталистических отношений в экономике.

Эти условия, а также значительные пережитки тяжелого прошлого в быту и идеологии, неграмотность подавляющего большинства молодежи из местных национальностей являлись причинами того, что комсомольская организация в Туркестане возникла и оформилась позже, чем в центральных районах страны» [2, 19 б.].

1919 жылы Түркістан республикасында Кеңестік биліктің жас буыны жастардың коммунистік одағы құрылады. Ғани Мұратбаев оның белсенді мүшесі болып қана қоймай, 1921-1924 жж. аралығында, яғни Түркістан АССР-нің ұлттық республикаларға таратылуына дейінгі аралықта Түркістан комсомолдары Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарады.

1920 жылдың бас кезінде Ғ. Мұратбаев өлкеде орын алған аштық пен тәртіпсіздік кезінде көптеген жұмыстар атқарып, билік өкілдері басшыларының ерекше назарына түсе бастайды.

«В начале 1920 года Гани познакомился с Валерианом Владимировичем Куйбышевым, который, будучи начальником политуправления Реввоенсовета Туркестанского фронта, в то же время возглавлял борьбу с голодом и детской беспризорностью. Впоследствии ветеран комсомола Алимгерей Ершин вспоминал: «После приезда в Ташкент Валериан Владимирович большое внимание уделял работе Центральной комиссии по оказанию помощи голодающим (ЦК Помгол) и комиссии по борьбе с детской беспризорностью. Его указания выполнялись всеми безоговорочно и немедленно...

В.В. Куйбышев строго контролировал нашу работу, часто приглашал к себе представителей органов просвещения, соцобеспечения, воспитателей детских домов и интернатов. Он сам лично занимался мобилизацией коммунистов, комсомольцев, членов профсоюзов на борьбу с детской беспризорностью. Валериан Владимирович постоянно с любовью говорил о работе комсомольцев... Гани Муратбаев не раз вместе со мной бывал на таких совещаниях и на приеме у В.В. Куйбышева» [3, Б.107].

Ғани Мұратбаев өзінің мемлекеттік істі ұйымдастыра білетіндігін өлкенің түпкір-түпкірінде көрсете білді. Түркістан республикасының сол кездегі арпалысты аудандарының бірі – Жетісу өңірі болды. Мұнда кеңес өкіметін мойындамай, оған қарсы шығу ошағы көптеп кездесетін. Оның үстіне Жетісу облысы, оның орталығы Верный қаласында халықтың білім-ағарту деңгейі де төмен болатын. Сол себепті де, Ғани Мұратбаевтың беделді, әрі тәжірибелі ұстаз ретінде Верный қаласында орналасқан ауыл ұстаздарына арналған курстарға дәріс оқуға арнайы шақырылады. Жетісу өңірінде жүріп Ғ. Мұратбаев өңірдің қоғамдық және саяси өміріне белсене араласып кетеді. Осы өңірде жүріп Түркістандағы жастардың алғашқы газеттерінің бірі – «Жас алаштың» өмірге келуіне түрткі болады. «В Верном впервые увидел Гани и Ильяс Джансугуров, вспоминавший, как здесь весной 1921 года на одном из комсомольских собраний Гани высказал мысль об издании молодежной газеты. Так вышла в свет «Жас алаш»: «Когда материалы для первого номера газеты были уже готовы и мы собирались послать их в типографию, появился Гани. Он сказал, что в газете должны быть лозунги, призывающие нашу молодежь к ее идеалу, цели и общественному долгу. И она вышла с лозунгами, которые предложил Гани. Вот один из них: «Для того чтобы стать хозяевами эпохи и жизни, мы должны быть единными и сплоченными. Пробуждайся и объединяйся, трудящаяся молодежь Востока!». «Жас алаш» стала первенцем юношеской печати в Туркестанском крае, а Гани Муратбаев – ее первым редактором» [4].

1921-1922 жж. Ғани Мұратбаев Түркістан жастары коммунистік ұйымының қазақ, қырғыз жастарымен жұмыс бюросын басқарады. Түркістан комсомолдарының ІІІ съезінде Ғ. Мұратбаев Түркістан жастары одағының Орталық комитетіне мүше болып сайланады. Осы жиында Ғани Мұратбаев қазақ жастарының арасында тұңғыш рет аталған комитетке бір ауыздан бірінші хатшы қызметіне сайланады.

Ғ. Мұратбаев Түркістан өлкесіндегі жастарды бір қанаттың астында бас біріктіріп, аймақтағы сауатсыздықпен, ашаршылықпен күресін жалғастыра берді. Кенес үкіметінің орталығы Мәскеу қаласында Біріккен Орта Азиялық жастар комитетін құру туралы бастамалар көтеріле бастады. «В мае 1922 года, незадолго до открытия II Всероссийской конференции комсомола, в кабинете Куйбышева (он был в то время секретарем ЦК партии) обсуждалась предложение о необходимости создать Среднеазиатское бюро ЦК РКСМ... В постановлении ЦК РКСМ о создании Среднеазиатское бюро, в частности, говорилось:

«Среднеазиатское бюро объединяет союзные организации Туркестана, Хивы, Бухары и имеет свои задачи:

а) руководит работой этих организаций, как полномочное представительство ЦК РКСМ в Средней Азии, ответственные за постановку созной работы в них, на основе постановления конгрессов КИМа, Всероссийских съездов и конференции РКСМ, применяя их к местным социально-бытовым и культурно-политическим условиям;

б) направляет практическую деятельность центральных комитетов Туркестана, Бухары, Хивы, концентрирует опыт их деятельности, поддерживает тесную связь этих организации с ЦК РКСМ» [5, 121-122 бб.].

Осы жиында Ғани Мұратбаевты бір ауыздан Орта Азиялық бюроның мүшелігіне сайлайды. Ғани өзінің Түркістан Республикасы мен Орта Азиялық аймақтардың жастарын мемлекеттік билікке араласуын, олардың сол өңірдің қоғамдық өміріне белсене қатысуын жоғары деңгейге көтеріп кетті. Дегенмен де, оның денсаулығы алдына қойған максаттарын толық жүзеге асыруына үлкен кедергі жасады.

1924 жылдың соңындағы Түркістан АССР-інің ұлттық республикаларға таратылуын Ғани Мұратбаев шын көңілмен қарсы алып, Қазақ жерлерінің қайта қосылуы мен қазақ жастарының бір шаңырақтың астына бірігуіне өте көп үлес қосады.

Денсаулығының нашарлығына қарамастан, ол Мәскеуде өткен комсомолдардың VI – съездіне қатысып, онда РЛЖКО Орталық комитетінің мүшесіне сайланады. Сонымен қатар, көп кешікпей Жастардың Коммунистік Интернационалы ұйымының Атқарушы комитетінің мүшесіне сайланады.

1925 жылдың 15 сәуір күні Қазақ жастарының жарқын жұлдызы Ғани Мұратбаев дүниеден өтеді. Жеке өмірі мен қоғамдық қызметі ұштасқан, елінің бүгінгі мен ертеңі үшін арпалысқан халқының ұлы перзенті, жарық жұлдыздай жарық етті де, қайта сөнді.

Ғани Мұратбаев тек қана Түркістан республикасының қалыптасуы мен дамуына ғана емес, ол Орта Азиялық республикалардың дамуына, оның ішінде жас буындарды мемлекеттік және қоғамдық өмірге баулуда үлкен еңбектер атқарып, үлес қосқан қоғам және мемлекет қайраткеріне айналды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Правофланговые комсомола: Сборник / Сост. В.В. володин и др. – М.: Молодая гвардия, 1982. – С.101-102.
- [2] Хамидходжаев А. Организация комсомола в Туркестане. 1918-1920. – Ташкент, Госиздат УзССР, 1957. – 206 с.
- [3] Правофланговые комсомола: Сборник / Сост. В.В. володин и др. – М.: Молодая гвардия, 1982. – С. 107.
- [4] Шашкова Л. Батыр Ғани: Жизнь – Подвиг. // Казахстанская правда. – 1 июня 2002.
- [5] Правофланговые комсомола: Сборник / Сост. В.В. володин и др. – М.: Молодая гвардия, 1982. – С. 121-122.

REFERENCES

1. Pravoflangovye komsomola: Sbornik / Sost. V.V. volodin i dr. – М.: Molodaya gvardiya, 1982. – S.101-102.
2. Hamidhodjaev A. Organizatsiya komsomola v Turkestane. 1918-1920. – Tashkent, Gosizdat UzSSR, 1957. – 206 s.
3. Pravoflangovye komsomola: Sbornik / Sost. V.V. volodin i dr. – М.: Molodaya gvardiya, 1982. – S. 107.
4. Shashkova L. Batyr Gani: Jizn' – Podvig. // Kazakhstanskaya pravda. – 1 iunya 2002.
5. Pravoflangovye komsomola: Sbornik / Sost. V.V. volodin i dr. – М.: Molodaya gvardiya, 1982. – S. 121-122.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ГАНИ МУРАТБАЕВА КАК ВИДНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО И ОБЩЕСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ

Ахатов У.А., Оңдашұлы Е.

Ключевые слова: общество, личность, государство, деятельность, образование.

Аннотация. Рассмотрена деятельность видного государственного и общественного деятеля Гани Муратбаева как одного из первых организаторов молодежной организации – комсомола в Туркестанском крае, а также возврат казахских земель. В такие трудные и переломные времена на казахской земле рождались многие лидеры народа. И один из них – великий сын народа, талантливая личность – Гани Муратбаев. Всю свою жизнь он посвятил государственной и общественной деятельности. Несмотря на его юный возраст, он сумел повести за собой народ, и хоть он умер в 23 года, оставил за собой неизгладимый след.

Поступила 25.04.2016 г.